



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 8D01402 –Музыкалық білім

БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ	Музыкалық білім мен өнер саласындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі үшін жоғары білімнің еуропалық аймағына кірігуді қамтамасыз етуге, зияткерлік меншік өнімдерін, инновациялық музыкалық-педагогикалық білім мен технологияларды коммерцияландыру үшін құруға қабілетті жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау.
КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ АЯСЫ	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ғылыми-педагогикалық қызметкерлері. Білім берудегі менеджерлер.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

PO1 - музыкалық-педагогикалық ғылымның жүйелі әдіснамалық білімін және түсінігін, осы салада қолданылатын ғылыми зерттеу дағдылары мен әдістерін меңгергендігін көрсетеді;

PO2 - кәсіби теория мен практиканы жаңартуға мүмкіндік беретін ғылыми зерттеулер мен жобаларды ойлау, жобалау, енгізу және бейімдеу қабілетін көрсетеді;

PO3 - музыкалық-педагогикалық ғылым саласындағы және оның басқа ғылым салаларымен түйіскен жерінде жаңа идеяларды сыни талдауды, синтездеуді, іріктеуді, бағалауды жүзеге асырады;

PO4 - ұлттық және халықаралық деңгейде жариялануға лайық ғылыми кәсіби саланың шекарасын кеңейтуге өзінің бірегей идеялары мен зерттеу нәтижелеріне үлес қосады;

PO5 - өзінің жаңа білімдері мен жетістіктерін әріптестеріне, ғылыми қоғамдастыққа және қалың жұртшылыққа жария түрде хабарлайды;

PO6 - ғылыми білімге негізделген қоғамның технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени дамуының академиялық және кәсіби контекстінде ілгерілеуге жәрдемдеседі.

PO7 - көптеген факторлармен жаңа контексте оқу және еңбек процестерінің проблемаларын шешудің көшбасшылық қасиеттерін, басқарушылық дағдыларын және дербестігін көрсетеді.

PO8 - эмоционалды интеллект, психологиялық тұрақтылық, қарым-қатынас дағдылары бар, Кәсіби саладағы сыни диалог аясында беделді қарым-қатынас жасайды;

PO9 - оқыту процесін түсінудің жоғары деңгейін және идеяларды генерациялау, кәсіби салада стратегиялық шешімдер қабылдау нәтижелерін болжау қабілетімен операциялық өзара іс-қимыл тәжірибесін көрсетеді.